

О. Дулатов, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: Б. Х. Құрманғалиева, МҚП кафедрасының аға оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы)

АТА-АНАНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

Балалардың қорғаныс дәрежесі — кез келген өркениетті қоғамның, мемлекеттік саясаттың әлеуметтік бағыттылығының басты индикаторы. Балалар — әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықтан ең көп дәрежеде зардап шегетін азаматтардың санаты. Көп отбасылардың ауыр материалдық жағдайы, дәстүрлі отбасылық қатынастардың күйреуі, ажырасулар санының артуы балалардың жағдайының нашарлауына елеулі әсер етеді. Соңғы жылдары болған өзгерістер бала проблемасын күрт өршітіп, осы салада қабылданатын шешімдердің ерекшелігін белгіледі.

Соңғы жылдары Қазақстанда ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балалар санының өсуі байқалады. Жыл сайын олардың саны өсуде, және де бұл балалардың аз бөлігі ата-аналарының қайтыс болуына байланысты олардың қамқорлығынсыз қалғандар. Қалғандары «әлеуметтік жетімдік» дейтін құбылысқа жатады, яғни ата-аналары тірі жетімдер. Осыған орай ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау Қазақстанда өте жоғары маңызға ие болуда, ал мұндай қорғаныс әдістерінің бірі тиісті нормативтік құқықтық база құру болып табылады.

Қорғаншы және қамқоршы органдардың мәртебесі мен функциялары түбегейлі өзгерісті талап етеді. Қазіргі кезде балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға арналған негізгі мемлекеттік құрылым болып табылатын бұл органдар көбінесе облыстық білім беру департаментінің құрамында жұмыс істейтін және барлық уақытта элементар құқықтық білімі бола бермейтін бір ғана инспектордан тұрады. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 76-бабының 1-тармағымен кәмелетке толмағандарға тәрбиелік ықпал ету шарасы ретінде бос уақытын шектеу және оның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу қолданылуы мүмкін деп белгіленген¹.

Қолданыстағы заңнамада кәмелетке толмағандардың бос уақытты өткізу орындарына (компьютерлік клубтарға және т. с. с.) баруына ешқандай да шектеулер көзделмеген. Көңіл көтеру орындарын ұстайтын кәсіпкерлердің түнгі уақытта балаларға қызмет көрсеткені үшін жауапкершіліктері де көзделмеген. Жалпы білім беретін мектептерді, ішінара алғанда жаппай оқыту Қорынан оқушыларға материалдық көмек көрсету мәселесі бойынша тексеру барысында аз қамтылған балалардың тегін тамақ пен өзге де материалдық көмек алудан бас тартқан фактілері белгілі болған. Бұл ретте отбасының жиынтық кірісі мөлшерінің сәл асып кетуі ата-аналарды атаулы әлеуметтік көмек алу мүмкіндігінен айырады, өйткені «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» ҚР заңына сәйкес отбасының жиынтық кірісіне тұрғын үйлік және атаулы әлеуметтік көмектен басқа белгіленген уақыт мерзімі ішіндегі кірістердің ақшалай немесе заттай алған барлық түрлері кіреді².

Ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және есепке алу «Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының және ҚР Үкіметінің 1999 жылғы 9 қыркүйектегі №1346 қаулысымен бекітілген Ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастыру ережелерінің негізінде жүргізіледі. Ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың қолданылып жүрген патронаттық түрі жеке мәліметтер бойынша барлық уақытта бірдей баланың мүддесін ойлай бермейді, керісінше жекелеген азаматтардың материалдық жағдайын шешеді. Балаларды туыстарының асырауына және қамқорлығына бергенде, олардың балаға тиесілі әлеуметтік төлемге ғана қызығушылығы болғанын растайтын деректерде де бар. Жетімдер проблемасы «Әр отбасына — бала» принципімен емес, «Әр балаға - отбасы» принципімен шешілуге тиіс. Бұл тұрғыда ата-аналар

қамқорлығынсыз балаларды жайғастырудың басымдық түрі бала асырап алу болып табылады³. «Неке және отбасы туралы» ҚР заңы қабылданған сәттен бастап (1998 жылғы желтоқсан) ұл (қыз) асырап алуға 26 мың бала берілген, олардың ішіндегі 20 мың бала Қазақстан Республикасының азаматтарына және 6 мың бала жақын және алыс шетел азаматтарына, соның ішінде ата-ана қамқорлығынан айырылған балалардың туыскандарына берілген. «Неке және отбасы туралы» ҚР заңы ұл (қыз) асырап алудың тәртібі мен құқықтық салдарларын, сондай-ақ оны доғарудың негіздемесі мен тәртібін реттейді. Бұл баланың және оны асырап алғысы келетіндердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тек кәмелетке толмаған балаларды, тек солардың мүдделеріне қатысты бала асырап алуға жол беріледі, бұл жерде бірге туған ағалы-қарындасты бауырларды қажет болған жағдайлардан (арнайы емдеу-тәрбиелеу мекемелеріне беруден) басқа кезде әртүрлі адамдардың асырап алуына жол берілмейді. Көп жағдайда аналары (әкелері) бір балалар бірге тәрбиеленбеген болып келеді, тектері әртүрлі, олардың туыс екендігін тек аналары (әкелері) ғана біледі. Дені сау ғана емес, ауру балаларды да асырап алуға болады, сондықтан асырап алушылардың тек асырау ғана емес, емдеу мүмкіндіктерін де айқындау қажет қамқоршы органдардың қорытындысына қоса тіркеледі⁴.

Ұл(қыз) асырап алушының тілегі бойынша баланы тәуелсіз медициналық тексеруден өткізуге де болады. Сонымен бірге баланы болашақ әке немесе ана ретінде тәрбиелегеннен гөрі кейбір отбасындағы ата-аналардың күнделікті «нан табумен» қолы тимейтіндіктен балаға дұрыс отбасылық тәрбие бере алмайтындығы да өмірде болып жатқан құбылыс екеніне назар аударған жөн. Осылайша, ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелеріндегі проблемалар мен кемшіліктер балалардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру мақсатында көп еңбек ету керектігін тағы да көрсетіп отыр.

1 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының № 155-II Кодексі 2001 ж. 30 қаңтар.

2 Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы 2001 ж. 17 шілдедегі № 246-II Қазақстан Республикасының Заңы (2013.03.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [www. online.kz](http://www.online.kz)

3 ҚР Үкіметінің № 1346 қаулысы // www. online. kz 1999 ж. 9 қыркүйек.

4 «Неке және отбасы туралы» № 321-1 ҚР Заңы 1998 ж. 17 желтоқсан (2007.27.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // www. online.kz